

Қостанай ауданының 2017-2019 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 87 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 9 қаңтарда № 6790 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай ауданының 2017-2019 жылдарға арналған аудандық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2017 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер - 8308346,1 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша - 3438809,0 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша - 17527,0 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша - 269338,0 мың теңге;
 - трансферттер түсімі бойынша - 4582672,1 мың теңге;
- 2) шығындар - 9526499,7 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу - - 8708,4 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер - 91844,0 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу - 100552,4 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0,0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) - -1209445,2 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 1209445,2 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2017 жылға арналған аудандық бюджетке облыстық бюджеттен берілетін субвенциялар көлемдері 1708020,0 мың теңге сомасында белгіленгені мәліметке алынсын.

3. 2017 жылы аудан бюджетінен облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлар көзделмегені ескерілсін.

4. алынып тасталды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.07.2017 № 153 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

5. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға 91837,0 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттер сомаларының түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге 6839,5 мың теңге сомасында, оның ішінде тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткендерге 157,7 мың теңге сомасында, оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін 6681,8 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

7. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде "Өрлеу" жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті енгізуге республикалық бюджеттен 3868,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

8. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға 12403,0 мың теңге сомасында, оның ішінде мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға 8340,0 мың теңге сомасында, техникалық көмекші (орын толтырушы) құралдардың тізбесін ұлғайтуға 4063,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

9. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен еңбек нарығын дамытуға 15728,0 мың теңге сомасында, оның ішінде жалақысын ішінара субсидиялауға 6651,0 мың теңге сомасында, жастар тәжірибесіне 8599,0 мың теңге сомасында, көшуге субсидиялар беруге 478,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

10. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен "Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің № 2 Затобол орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратын күрделі жөндеуге 453046,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

11. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен цифрлық білім беру инфрақұрылымын құруға 29662,5 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы

трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 24.02.2017 № 108 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

12. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен білім беру объектілерін терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау жүйесін, қоршаулар мен турникеттер жабдықтарын жеткізу және монтаждау бойынша қызметтерге ақы төлеуге 11761,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

13. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен мәдениет объектілерін терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау жүйесі жабдығын жеткізу және монтаждау бойынша қызметтерге ақы төлеуге 136,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

14. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша 2016 жылы кәсіби даярлауға бағытталған оқуын аяқтауға 4809,4 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

15. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен бухгалтерлерді оқытуға 1132,5 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

16. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен арнайы тағайындалған аудит жүргізуге 3464,2 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

17. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен "Қостанай ауданы Воскресеновка ауылында "Чин-Сай" үйілген судан қорғау көпір-бөгетін күрделі жөндеу" жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеуге және мемлекеттік сараптамаға 8898,8 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

18. 2017 жылға арналған аудандық бюджетінде облыстық бюджеттен Қостанай ауданы Заречный ауылының бас жоспарын әзірлеуге 8114,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

19. 2017 жылға арналған аудандық бюджетінде облыстық бюджеттен жануарлардың

энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізуге 1708,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

20. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен сiбiр жарасы көмiндiлерiнiң топырақты ошақтарының қоршауларын жерге орналастыру құжаттамасын әзiрлеуге, топографиялауға және орнатуға 4637,4 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсiмi көзделгенi ескерiлсiн.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешiмiмен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгiзiледi).

21. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен инсинераторларды пайдалану арқылы биологиялық қалдықтарды жоюға 6426,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсiмi көзделгенi ескерiлсiн.

22. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Затобол кентiнiң көшелерiн орташа жөндеуге 91700,0 мың теңге сомасында, Ыбырай Алтынсарин мавзолейiне кiрме жолдарын орташа жөндеуге 72080,1 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсiмi көзделгенi ескерiлсiн.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешiмiмен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгiзiледi).

23. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Затобол кентiнде және Заречный ауылында ресайкiлеу әдiсiмен көшелердi, Затобол кентiндегi мұсылман және православие зираттарының подъезд жолдарын орташа жөндеуге 206318,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсiмi көзделгенi ескерiлсiн.

24. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйiн жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға 434146,8 мың теңге сомасында, оның iшiнде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 272602,0 мың теңге сомасында, облыстық бюджет қаражаттары есебiнен 161544,8 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсiмi көзделгенi ескерiлсiн.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешiмiмен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгiзiледi).

25. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Заречный ауылының "Северный" шағын ауданындағы аз қабатты тұрғын үйлердiң подъезд жолдарына 4400,0 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсiмi көзделгенi ескерiлсiн.

26. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Заречный ауылының "Северный" шағын ауданын кәрiздеуге 2876,0 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсiмi көзделгенi ескерiлсiн.

27. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Затобол кентi "Нұрай" шағын ауданының подъезд жолдарына 91149,0 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсiмi көзделгенi ескерiлсiн.

28. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Қостанай

ауданының Надеждинка ауылын сумен жабдықтауға 500,0 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

29. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Затобол кентіндегі Ленин көшесін реконструкциялауға 347000,0 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Заречный ауылындағы Набережный көшесінен А-21 автомобиль жолына дейінгі шекарасындағы Ленин көшесін реконструкциялауға 288756,0 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

30-1. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен бөлінген 74382,4 мың теңге сомасында пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-1-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 24.02.2017 № 108 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-2. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен қарыздар бойынша 1409,7 мың теңге сомасында сыйақылар және өзге де төлемдерді төлеу бойынша жергілікті атқарушы органдарының борышына қызмет көрсету көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-2-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 24.02.2017 № 108 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-3. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде мобильдік орталықтарда оқуды қоса алғанда, еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен дағдылар бойынша жұмысшы кадрларды қысқа мерзімді кәсіптік оқуға 51471,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-3-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 24.02.2017 № 108 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-4. алып тасталды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 05.05.2017 № 133 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-5. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Заречное ауылының "Северный" шағын ауданындағы 9 көп қабатты тұрғын үйлердің инженерлік коммуникацияларына 7770,0 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-5-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-6. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Қостанай ауданы Заречный ауылы "Северный" шағын ауданының көп қабатты құрылысына ілігетін, қазіргі су құбырын ауыстыруға 9975,2 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-6-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 24.02.2017 № 108 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-7. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Қостанай ауданы Заречный ауылының "Северный" шағын ауданындағы көп қабатты тұрғын үйлерді абаттандыруға 41358,0 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-7-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 24.02.2017 № 108 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-8. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Қостанай ауданындағы Набережныйды абаттандыруға 311956,4 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-8-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 24.02.2017 № 108 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); жана редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-9. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Жамбыл ауылында жоғары қысымды газ құбырын салуға 41330,4 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-9-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 24.02.2017 № 108 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); жана редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-10. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен халықты жұмыспен қамту орталықтарында электрондық кезек жүйесінің жабдықтарын сатып

алуға және монтаждауға 3358,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-10-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 05.05.2017 № 133 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-11. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде 824880,0 мың теңге сомасында ішкі қарыздар есебінен облыстық бюджеттен берілген кредиттер есебінен сомалар түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-11-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 05.05.2017 № 133 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-12. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 128259,0 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-12-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 05.05.2017 № 133 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-13. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен қоныс аударушылар және оралмандар үшін тұрғын үйді жалдау (жалға беру) бойынша шығыстарды өтеуге 287,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-13-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 28.07.2017 № 153 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-14. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен "Затобол кентіндегі Ленин көшесін реконструкциялау" жобасы бойынша кредиторлық берешектерді өтеу бойынша сот шешімін орындауға 22077,1 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-14-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-15. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Мичуринское ауылының Ыбырай Алтынсарин атындағы мавзолей аймағын абаттандыруға 20973,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-15-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-16. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Садовое ауылының жазғы сауықтыру кешенін ағымдағы ұстауға 24252,3 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-16-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-17. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Затобол кентіндегі "Көктем" шағын ауданын электрмен жабдықтауға 300,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-17-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-18. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Затобол кентіндегі "Көктем" шағын ауданын газбен жабдықтауға 300,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-18-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-19. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Затобол кентіндегі "Көктем" шағын ауданын сумен жабдықтауға 300,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-19-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-20. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Затобол кентіндегі "Көктем" шағын ауданын кәріздеуге 300,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-20-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-21. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Затобол кентіндегі "Көктем" шағын ауданын жылумен жабдықтауға 300,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-21-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-22. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Мичуринское ауылының "Тобыл 1" шағын ауданын және Затобол кентінің "Тобыл 2" шағын ауданын электрмен жабдықтауға 300,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-22-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-23. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Мичуринское ауылының "Тобыл 1" шағын ауданын және Затобол кентінің "Тобыл 2" шағын ауданын газбен жабдықтауға 300,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-23-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-24. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Мичуринское ауылының "Тобыл 1" шағын ауданын және Затобол кентінің "Тобыл 2" шағын ауданын сумен жабдықтауға 300,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-24-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-25. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Мичуринское ауылының "Тобыл 1" шағын ауданын және Затобол кентінің "Тобыл 2" шағын ауданын кәріздеуге 300,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-25-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-26. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Мичуринское ауылының "Тобыл 1" шағын ауданын және Затобол кентінің "Тобыл 2" шағын ауданын жылумен жабдықтауға 300,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-26-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-27. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Заречное ауылының "Северный" шағын ауданында ашық нөсерлі кәріз (таулы арық) салуға 20383,3 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-27-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 10.10.2017 № 178 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); жана редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-28. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Затобол кентіндегі төменгі қысымды газ тарату желілерін салуға 48919,2 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-28-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-29. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен Заречное ауылының "Северный" шағын ауданында көп қабатты құрылысының газ қазандығын электрмен жабдықтауға қосуға 7297,0 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-29-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-30. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде 2017 жылға арналған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жұмыс берушілердің аударымдары бойынша мөлшерлемелерді азайтуға байланысты аудандар бюджеттерінен 20482,7 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 30-30-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

31. 2017 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

32. 2017 жылға арналған кент, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары бойынша бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

33. 2017 жылға арналған Қостанай ауданының кент, ауылдары, ауылдық округтері арасында жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттерді бөлу 6-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

34. Осы шешім 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық
мәслихатының кезекті
сессиясының төрағасы

Б. Утебекова

Қостанай аудандық
мәслихатының хатшысы

Б. Копжасаров

КЕЛІСІЛДІ

Қостанай ауданы әкімдігінің

"Экономика және қаржы бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ 3. Кенжегарина

Мәслихаттың
2016 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 87 шешіміне 1-қосымша

2017 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	Ішкі сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Атауы	
				I. Кірістер	8308346,1
1	00	0	00	Салықтық түсімдер	3438809,0
1	01	0	00	Табыс салығы	1173330,0
1	01	2	00	Жеке табыс салығы	1173330,0
1	03	0	00	Әлеуметтік салық	819241,0
1	03	1	00	Әлеуметтік салық	819241,0
1	04	0	00	Меншікке салынатын салықтар	1309435,0
1	04	1	00	Мүлікке салынатын салықтар	1100385,0
1	04	3	00	Жер салығы	14250,0
1	04	4	00	Көлік құралдарына салынатын салық	181200,0
1	04	5	00	Бірыңғай жер салығы	13600,0
1	05	0	00	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	117683,0
1	05	2	00	Акциздер	8300,0
				Табиғи және басқа да	

1	05	3	00	ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	54800,0
1	05	4	00	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	54583,0
1	07	0	00	Басқа да салықтар	120,0
1	07	1	00	Басқа да салықтар	120,0
1	08	0	00	Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	19000,0
1	08	1	00	Мемлекеттік баж	19000,0
2	00	0	00	Салықтық емес түсімдер	17527,0
2	01	0	00	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1970,0
2	01	5	00	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1913,0
2	01	7	00	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер	30,0

				бойынша сыйақылар	
2	01	9	00	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	27,0
2	02	0	00	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	10300,0
2	02	1	00	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	10300,0
2	04	0	00	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар,	257,0

				санкциялар, өндіріп алулар	
2	04	1	00	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландыр ылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен ((257,0 шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландыр ылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
2	06	0	00	Басқа да салықтық емес түсімдер	5000,0
2	06	1	00	Басқа да салықтық емес түсімдер	5000,0
3	00	0	00	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	269338,0
3	01	0	00	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	247268,0
3	01	1	00	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген	247268,0

				мемлекеттік мүлікті сату	
3	03	0	00	Жерді және материалдық емес активтерді сату	22070,0
3	03	1	00	Жерді сату	20000,0
3	03	2	00	Материалдық емес активтерді сату	2070,0
4	00	0	00	Трансферттердің түсімдері	4582672,1
4	02	0	00	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4582672,1
4	02	2	00	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4582672,1
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
		Кіші функция			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама			
		Атауы			
		II. Шығындар			
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	499605,7
		1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларының орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	399643,4
				Аудан (облыстық маңызы бар	
		112			18150,0

				қала) мәслихатыны ң аппараты	
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17819,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	331,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	100376,2
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	96794,2
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3582,0
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	281117,2
			001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз	263978,2

				ету жөніндегі қызметтер	
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	17139,0
	2			Қаржылық қызмет	741,1
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	741,1
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	741,1
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	99221,2
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	62562,6
				Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы	

			001	ы , жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	47749,8
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	14812,8
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	36658,6
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	35081,6
			015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1577,0
02				Қорғаныс	11160,0
	1			Әскери мұқтаждар	8160,0
				Аудан (облыстық	

		122		маңызы бар қала) әкімінің аппараты	8160,0
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	8160,0
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	3000,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	3000,0
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	3000,0
04				Білім беру	4522254,8
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	421405,2
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	421405,2
			009	Мектепке дейінгі тәрбиені оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	179130,2
			040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру	242275,0

				тапсырысын іске асыруға	
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	3306694,6
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	20937,0
			005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	20937,0
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3186655,6
			003	Жалпы білім беру	3110118,6
			006	Балаларға қосымша білім беру	76537,0
		465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	99102,0
			017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	99102,0
	9			Білім беру саласындағы	794155,0

				өзге де қызметтер	
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	794155,0
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16875,0
			005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	81942,0
			007	Аудандық (қалалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	1803,0
			012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	900,0
				Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарын ың қамқорынсыз қалған баланы	

			015	(балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	41582,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	651053,0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	342586,5
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	70700,8
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	46569,8
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	8790,0
			016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	32062,0
			025	"Өрлеу" жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	5717,8

		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	24131,0
			030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	24131,0
	2			Әлеуметтік көмек	210734,5
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	210734,5
			002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	96562,4
			006	Тұрғын үйге көмек көрсету	6061,0
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	28798,3
			010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	4919,0
			014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	41179,0

			017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	10263,7
			023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	22951,1
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	61151,2
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	61151,2
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы	43148,0

				мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	730,0
			021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	902,2
			050	Қазақстан Республикасы н да мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	12403,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	3968,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2197613,9
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	1648261,3

		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	61,3
			007	Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	61,3
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	7278,0
			003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақтауын ұйымдастыру	7278,0
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1640922,0
			003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және	1339979,8

				(немесе) салу, реконструкция ялау	
			004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	300942,2
	2			Коммуналдық шаруашылық	430937,2
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	408402,9
			012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	13884,4
			029	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	3400,0
			048	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	391118,5
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	22534,3
			058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау	22534,3

				және су бұру жүйелерін дамыту	
	3			Елді-мекендерді көркейту	118415,4
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	14402,1
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	14402,1
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	104013,3
			017	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	1820,0
			018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	102193,3
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	375881,0
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	106064,1

		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	106064,1
			003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	106064,1
	2			Спорт	97445,7
		465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	97445,7
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9741,1
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	388,9
			005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	72131,7
			006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	7010,0
				Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама	

			007	командалары н ы ң мүшелерін дайындау және олардың облыстық с п о р т жарыстарына қатысуы	7513,0
			032	Ведомстволы қ бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің ж ә н е ұйымдарыны ң күрделі шығыстары	661,0
	3			Ақпараттық кеңістік	100321,2
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	82961,0
			006	Аудандық (қалалық) кітапханалард ың жұмыс істеуі	71048,0
			007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	11913,0
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	17360,2
			002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	17360,2
				Мәдениет, спорт, туризм	

	9			ж ә н е ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	72050,0
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	47240,0
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8830,0
			010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	284,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің ж ә н е ұйымдарының күрделі шығыстары	38126,0
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	24810,0
			001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілік ті нығайту ж ә н е азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру	10442,0

				саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	13553,0
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	815,0
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	138129,2
	9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	138129,2
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналды қ шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	138129,2
			036	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	138129,2
				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи	

10				аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер катынастары	156587,7
	1			А у ы л шаруашылығ ы	121760,6
		462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) а у ы л шаруашылығ ы бөлімі	21989,0
			001	Жергілікте деңгейде а у ы л шаруашылығ ы саласындағы мемлекеттік саясатты іске а с ы р у жөніндегі қызметтер	21183,0
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	806,0
		473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	99771,6
			001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске а с ы р у жөніндегі қызметтер	27132,5
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	695,0

			006	А у р у жануарларды санитарлық с о ю д ы ұйымдастыру	28,1
			009	Жануарларды н энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариял ы қ іс-шараларды жүргізу	1708,0
			011	Эпизоотияға қ а р с ы іс-шаралар жүргізу	70208,0
	6			Ж е р қатынастары	17527,4
		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	17527,4
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қ а л а) аумағында ж е р қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске а с ы р у жөніндегі қызметтер	11179,0
			006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу	6073,4

				кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	275,0
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	17299,7
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	17299,7
			099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	17299,7
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	63001,5
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	63001,5
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	40557,5
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік	40009,5

				саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			017	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	548,0
		468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	22444,0
			001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11002,0
			003	Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	11002,0
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	440,0
12				Көлік және коммуникация	1066497,7
	1			Автомобиль көлігі	1066497,7
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент,	11425,0

				ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	11425,0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналд ы қ шаруашылығ ы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1055072,7
			022	Көлік инфрақұрылы мын дамыту	635756,0
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	49198,7
			045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендер дің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	370118,0
13				Басқалар	11544,0
	3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және	11544,0

				бәсекелестікті қорғау	
		469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	11544,0
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11004,0
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	540,0
14				Борышқа қызмет көрсету	1409,7
	1			Борышқа қызмет көрсету	1409,7
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1409,7
			021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	1409,7
15				Трансферттер	140228,0

	1			Трансферттер	140228,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	140228,0
			006	Нысаналы пайдаланылм аған (толық пайдаланылм аған) трансферттер ді қайтару	7253,0
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	20482,7
			051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	110694,1
			054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылм аған (түгел пайдаланылм аған) нысаналы	1798,2

				трансферттердің сомасын қайтару	
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	-8708,4
				Бюджеттік кредиттер	91844,0
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	91844,0
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	91844,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	91844,0
			018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	91844,0
Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Ішкі сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Атауы	

				Бюджеттік кредиттерді өтеу	100552,4
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	100552,4
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	100552,4
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	100552,4
			13	Ж е к е тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	26170,0
			21	Мамандандырылған ұйымдарды қоспағанда, жергілікті бюджеттен заңды тұлғаларға берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	74382,4
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі			
		Бағдарлама			
				Атауы	
				IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-1209445,2
				VI. Бюджет тапшылығын	

қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1209445,2
-------------------------------------	-----------

Мәслихаттың
2016 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 87 шешіміне 2-қосымша

2018 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 188 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты					Сомасы, мың теңге
Сыныбы		Ішкі сыныбы			
		Ерекшелігі			
		Атауы			
				I. Кірістер	7416202,5
1	00	0	00	Салықтық түсімдер	3447266,0
1	01	0	00	Табыс салығы	1204820,0
1	01	2	00	Жеке табыс салығы	1204820,0
1	03	0	00	Әлеуметтік салық	880000,0
1	03	1	00	Әлеуметтік салық	880000,0
1	04	0	00	Меншікке салынатын салықтар	1228366,0
1	04	1	00	Мүлікке салынатын салықтар	988560,0
1	04	3	00	Жер салығы	17206,0
1	04	4	00	Көлік құралдарына салынатын салық	206000,0
1	04	5	00	Бірыңғай жер салығы	16600,0
1	05	0	00	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	115080,0
1	05	2	00	Акциздер	8880,0

1	05	3	00	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	54800,0
1	05	4	00	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	51400,0
1	07	0	00	Басқа да салықтар	500,0
1	07	1	00	Басқа да салықтар	500,0
1	08	0	00	Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	18500,0
1	08	1	00	Мемлекеттік баж	18500,0
2	00	0	00	Салықтық емес түсімдер	8000,0
2	01	0	00	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2700,0
2	01	5	00	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2700,0

2	06	0	00	Басқа да салықтық емес түсімдер	5300,0
2	06	1	00	Басқа да салықтық емес түсімдер	5300,0
3	00	0	00	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	68403,0
3	01	0	00	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	18700,0
3	01	1	00	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	18700,0
3	03	0	00	Жерді және материалдық емес активтерді сату	49703,0
3	03	1	00	Жерді сату	49703,0
4	00	0	00	Трансферттердің түсімдері	3892533,5
4	02	0	00	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3892533,5
4	02	2	00	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3892533,5
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
		Кіші функция			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама			
		Атауы			
					II. Шығындар
					Жалпы сипаттағы
01					440457,0

				мемлекеттік қызметтер	
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функциялары н орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	386163,0
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	16636,0
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16636,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	99927,0
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	99927,0
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	269600,0
				Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар	

			001	қаланың, кент , ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	269600,0
	2			Қаржылық қызмет	4789,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	4789,0
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	3180,0
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1609,0
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	49505,0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және	15250,0

				автомобиль жолдары бөлімі	
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15250,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	34255,0
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	34255,0
02				Қорғаныс	13131,0
	1			Әскери мұқтаждар	9541,0

		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	9541,0
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	9541,0
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	3590,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	3590,0
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	3180,0
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	410,0
04				Білім беру	4044907,5

	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	363755,0
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	363755,0
			009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	186677,0
			040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	177078,0
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	3401806,5
